"Талап ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №406 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 мамырдағы № 458 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 мамырда № 7459 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 109-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Талап ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 406 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №7192 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Талап ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 74 974 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 259 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттердің түсімдері – 74 715 мың теңге;

2) шығындар – 75 224 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығы қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;

7) Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары -250,0 мың теңге.

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жаңақорған аудандық мәслихатының кезектен тыс XLIV сессиясының төрағасы *А. Кыстаубаева*

Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысы *Е. Ильясов*

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 мамырдағы №458 шешіміне қосымша

Жаңақорған аудандық маслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №406 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Талап ауылдық округінің бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Ішкі сыныбы			
			I. КІРІСТЕР		74 974
1			Салықтық түсімдер		259
	01		Табыс салығы		40
		2	Жеке табыс салығы		40
	04		Меншікке салынатын салықтар		219
		1	Мүлікке салынатын салықтар		17
		3	Жер салығы		144
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		58
4			Трансферттердің түсімдері		74 715
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		74 715
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		74 715
Функционалдық топ					Сомасы, мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. ШЫҒЫНДАР	75 224
				Ж а л п ы сипаттағы	

1				мемлекеттік қызметтер	20 170
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20 170
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20 170
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20 170
4				Білім беру	31 446
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	31 446
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	31 446
			041	Мектепке білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	31 446
5				Денсаулық сақтау	60
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	60
				Аудандық маңызы бар қала	

		124		, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	60
			002	Шұғыл жағдайларда науқасы ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін жақын жердегі денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	60
6				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3 642
	2			Әлеуметтік көмек	3 642
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 642
			003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3 642
7				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 489
	3			Елді-мекендерді көркейту	6 489
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 489
			008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	967
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	167
				Елді мекендерді абаттандыру	

			011	м е н көгалдандыру	5 355
8				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	13 169
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	13 169
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13 169
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13 169
	2			Спорт	248
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	248
			028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс шараларды өткізу	248
				3. Таза бюджеттік кредит беру	0
				4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0

8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	250,0
	01			Бюджет қаражатының қалдығы	250,0
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	250,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК